

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 49 (9367) | 1954 жылғы 6 март Сенбі | Шығуына 34 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Совет Одағы Коммунистік партиясы  
Орталық Комитетінің Пленумы туралы

Жуырда Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы болды.

Пленум Н. С. Хрущев жолдастың елде астық өндіруді оған әрі арттыру туралы және тың және тыңайған жерлерді игеру туралы баяндамасын тыңдап, талқылады және тиісті қаулы қабылдады.

Бұл мәселені талқылауға жергілікті партия, совет, ауылшаруашылық және дайындау органдарының қызметкерлері, колхоздардың председателдері мен совхоздардың қызметкерлері қатынасты.

## Көктемгі егіске әзірліктің шешуші кезеңі

Коммунистік партия мен Совет Үкметі елімізде социалистік ауыл шаруашылығын үздіксіз өркендету беру міндетін қойды. Мұндағы мақсат — халқымыздың ауылшаруашылық өнімдері жөніндегі үздіксіз өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандыру, жеңіл және тамақ өнеркәсібінің шығындығын толық қамтамасыз ету.

Ауыл шаруашылығын оған әрі өркендету беру үшін, ең алдымен, оның негізі болып табылатын астық шаруашылығын, әсіресе, неғұрлым бағалы дақыл — бидайдың шығымдылығын барынша арттыру қажет. Мұның өзі әрбір МТС пен колхоздың көктемгі егіске арқақты және тыңғылықты әзірлеуіне байланысты. Өйткені, тыңғылықты әзірліксіз көктемгі егістің агротехникалық ең қысқа мерзім ішінде сапалы өткізуге болмайтыны мәлім. Егер қысқы агротехникалық шаралар мезгілден жүзеге асырылмаса, тұқым шығымдылық дәрежесі жеткізілмесе, тракторлар мен ауылшаруашылық машиналары тез және сапалы жөнделмесе, азда тұрған міндеттердің қалғандық орындалуы қамтамасыз ете алатын маман кадрлар даярланбаса, онда егін өнімділігін арттыру жөнінде ең жақсы жасалған жоспарды да іске асыруға болмайтыны жұрттың бәріне белгілі және практикада талай рет дәлелденіп жүрген ақиқат.

Егін өнімділігін арттыруда көктемгі егіске тыңғылықты әзірліктің үлкен роль атқаратындығына қарамастан, кейбір аудандардың, МТС-тер мен колхоздардың партия ұйымдары, шаруашылық басшылары бұл жұмысты бәйімен жіберіп отыр. Мысалға Көнжухов ауданындағы Чистая МТС-ін алайық. Мұнда тракторларды жөндеу жұмысы өте-өте бау жүргізіліп келеді. Жөндеуші-механиктерлерінің

рымен мүлдем қанағаттанғысыз шұғылданып жүр.

Егістің алаңдарға қар тоқтату жөніндегі белгіленген жоспар көп колхоздарда әлі орындалған жоқ. Бұл жұмысқа бөлінген адам, мәлік күштері өнімсіз пайдаланылып келеді. Кейбір МТС басшылары колхоздарға егін алаңдарына қар тоқтатуды трактор күшімен жүргізуге жете кеңіл бөлмейді. Мәселен, Суворов атындағы, Пушкин атындағы, Ленин атындағы МТС-тердің басшылары МТС-қамауындағы колхоздардың егіс алаңына қар тоқтатуға трактор қуатын пайдалануды мүлдем ұйымдестірмей отыр. Егістік жерлерді көктемде үстеп қоректендіруге әзірліктің жайы да нашар. Жер тыңайтатын көп дайындау жоспары колхоздардың басым көпшілігінде тек 10 процентке дейін ғана орындалды. Ал, Чапаев атындағы, Образцовой МТС-терінің қамауындағы колхоздар бұл жұмысқа әлі кіріскен де жоқ.

МТС-тер мен колхоздарда егіске әзірлік жұмыстары өте қанағаттанғысыз жүргізіліп отырғанына қарамастан, бірқатар аудандық партия комитеттері мен Совет атқамдері МТС, колхоз басшыларынан бұл іске басшылықты жақсартуды қатты талап етпейді. Олар шаруашылыққа басшылық жасаудағы кеңесшілік, қағазбастылық сыяқты ескі және зиянды әдеттің шырмауынан әлі де болса шыға алмай келеді.

Кәзір көктемгі егіске әзірліктің ең шешуші кезеңі туды. Сондықтан жергілікті партия, совет және ауылшаруашылық органдары егіске әзірлік жұмысын барлық жағынан да тыңғылықты жүргізуге барлық күшті жұмылдыруға міндетті.

Үстіміздегі жыл тың және тыңайған жерлерді игеру жөнінде аса жауапты мін-

## 14 март—ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күні

### Қызу қарқынмен

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуі Көнжухов ауданындағы «Красная крепость» колхозының мүшелері арасында жаңа еңбек өрлеуін тудырды. Колхозда көктемгі егіске әзірлік қызу қарқынмен жүргізілуде. Қолда бар қуатты машиналардың күшін сарқандық пайдаланудың нәтижесінде тұқымдық дәл толық тазартылып, шығымдылық дәрежесі жеткізілді. Ауылшаруашылық саймандарының көпшілігі, атап айтқанда 232 тырма, 14 плуг, 3 сеялка тағы басқалары жөндеуден сапалы өткізілді. Жөндеу жұмысында ұсталар Е. Зравшук, П. Вейс жолдастар еңбек үлгісін көрсетуде.

Колхоз жаңадан 35 арба сатып алды. Бұрын пайдаланылып келген көп арба жөндегілді. Шөберлер Левин, Панкратов жолдастар арба жөндеуде күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындап, жоғары көрсеткіштерге ие болды. Колхозда қар тоқтату, көң төгу сыяқты агротехникалық шаралар ойдағыдай жүргізіліп келеді.

Колхоз мүшелері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын аяқтап шықпақшы. Бұл мақсатты іске асыру үшін колхозшылар кәзіргі уақытта социалистік жарысты күннен-күнге кеңінен өрістетуде.

Колхозшылардың алдында быылғы жылы 800 гектар тың жер игеру міндеті тұр. Дәнді дақылдар, картоп, овощ егісінің көлемі өткен жылғыдан едәуір ұлғайтылады. Колхоз мүшелері бұл абройлы міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру үшін оған күні бұрын әзірленуде.

**Б. ЖАҚЫПОВ,**  
(өз тілшіміз).

### Мереке құрметіндегі жарыс

Бүгін еліміздің еңбекшілері сыяқты Явленка ет-сүт совхозының коллективі де (Ленин ауданы) ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы болатын күнді өндірістік тартулармен қарсы алуды көздеп, өзара социалистік жарысты күннен-күнге кеңінен өрістетуде. Совхоз мал күтушілері мереке құрметіне қабылдаған міндеттемелерін аброймен орындау үшін күресі отырып, қоғамдық малды қыстан шығынсыз әрі қолты алып шығу жолына аян-

Ауыл шаруашылығының еңбекшілері! Көктемгі егіс жұмыстарына үлгілі әзірленіп, оны агротехникалық жоғары дәрежеде өткізейік, барлық ауылшаруашылық дақылдарынан мол және тұрақты өнім алуды қамтамасыз етейік!

### Депутаттыққа кандидаттың сайлаушылармен кездесуі

**МАРЬЕВКА.** Мұнда сайлаушылардың ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидат В. В. Губин жолдаспен кездесуі жыйналысы болып өтті. Жыйналысқа аудан орталығының мекемелері мен кәсіпорындарының қызметкерлері, «Қазақстанның 30 жылдығы», «Смычка», «Заря коммунизма», Чапаев атындағы және басқа ауылшаруашылық артельдерінің колхозшылары қатысты.

Жыйналысты аудандық партия комитетінің секретары Кундеренко жолдас ашты. Бұдан кейін жұрт сенген өкіл Ларионов жолдас сөйледі. Ол сайлаушыларды Губин жолдаспен өмірбаянымен таныстырды, оның қоғамдық саяси қызметі жөнінде айтты.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы партия ұйымының секретары Дүйсенбін жолдас колхозшылар атынан коммунистер мен партияда жоқтар блогі ұсынған кандидат В. В. Губин жолдасқа сайлаушылардың бірауыздан дауыс беретіндіктерін білдірді.

**БҮЛАЕВО. (Өз тілшімізден).** Депутаттыққа кандидат В. В. Губин жолдас теміржол станциясының клубында өзінің сайлаушыларымен кездесті. Бұған батыс, шығыс және солтүстік сайлау участоктерінің, Сталин атындағы колхоздың 500-ден астам сайлаушылары келді. Жыйналысты ҚКП аудандық комитетінің секретары Курлов жолдас ашты.

Жұрт сенген өкіл Беловолов жолдас сайлаушыларды В. В. Губин жолдаспен тылқ өмірбаянымен таныстырып, сайлау күні оған біркісідей дауыс беруге шақырды.

Теміржол станциясы партия ұйымының секретары Куренный жолдас теміржолшылардың сайлау күні — 14 мартты өндірістік жана табыстармен қарсы алғалы отырғанын айтты. Теміржолшылар январь, февраль айларының жоспарын асы-

Аудандағы «Гигант» колхозының сайлаушылары да депутаттыққа кандидат

Коновалов МТС-і партия ұйымының секретары Зимин жолдас механизаторлардың сайлау күнін өндірістегі жаңа табыстармен қарсы алғалы отырғанын хабарлап, 1 апрельге дейін, деді ол, тракторлар паркі мен ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеуді толық аяқтау үшін күресуде.

Марьевка орта мектебінің оқу ісін меңгерушісі Горенко жолдас мектеп үйінің тарлығы оқу сапасына едәуір зиян келтіріп отырғанын айтып, Губин жолдаспен жаңа орта мектеп үйін салуға көмектесуді өтінді. Бұдан кейін басқа да сайлаушылар бірінен соң бірі шығып, сөз сөйлеп, Губин жолдаспен Марьевка—Петропавл тас жолын, дірмен және электр станциясын салуға көмектесуді сұрады.

Жыйналыстың соңында депутаттыққа кандидат Губин жолдас сөз сөйлеп, оған білдірген сенімді үшін сайлаушыларға алғыс айтты, өзінің барлық күшін осы сенімді ақтауға жұмсайтындығын білдірді.

Кездесуі жыйналысына 500-ден астам адам қатысты.

ра орындап, Петропавл теміржол бөлімшесі бойынша бірінші орынға ие болған.

Куренный жолдас депутаттыққа кандидат В. В. Губин жолдаспен ауданда мәдениет үйін, кинотеатр, балалар яслиі салуға көмектесуді сұрады.

Сталин атындағы колхоздың колхозшылары атынан Мұхамедиев жолдас сөз сөйлеп, колхоздың қоғамдық шаруашылығын өркендетудегі қол жеткен табыстарға тоқтады. 14 март күні коммунистер мен партияда жоқтардың блогі ұсынған кандидат В. В. Губин жолдасқа ұйымдасқан түрде келіп, дауыс беретіндіктерін білдірді.

В. В. Губин жолдас сайлаушылардың көрсеткен зор сенімді үшін оларға шын жүректен алғыс айтып, халық сенімін ақтауға бар күш-жігерін жұмсайтындығын білдірді.

В. В. Губин жолдаспен кездесті. Бұл кездесуге көптеген сайлаушылар қатысты.

### Теміржолшылар В. В. ГУБИН және Ж. Қ. ҚИЗАТОВ жолдастармен кездесті

### Зор өрлеу үстінде

СОКП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуін Совет астық совхозының коллективі (Будзев ауданы) қызу қуаттап, көктемгі егіске әзірлік қарқынды бұрынғыдан да күшейте түсті. Мұнда кәзір 30 трактор жөндеуден сапалы өткізілді.

Трактор жөндеу жұмысы тораптық әдіс бойынша ұйымдастырылған. Механикалық цехта жұмыс 3 сменада істеледі. Токарь А. Симоненко, слесарьлар А. Александров, В. Пеномаренко жолдастар күніне 2 нормадан орындап, социалистік жарыста алда келеді.

Мұнда ауылшаруашылық саймандарын жөндеуді ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін аяқтау үшін күрес көп өріс алуда. Кәзір 67 плуг, 17 культиватор, 822 тырма жөндеді. Бұл жұмысқа ұста Т. Марченко, Е. Таев жолдастар өнімді еңбек етіп, ерекше көзге түсуде. Автомашиналарды, көшпелі мастерскойларды, жөніктер мен арбаларды жөндеу жұмыстары аяқталуға жуық.

Совхозда қысқы агротехникалық шаралар ойдағыдай жүзеге асырылып келеді. Тұқым жеткізудің мөлшерде дайындалған. Оны тазартуда 4 «ВМ» машинасы жұмыс істейді. Бұл машиналармен 31 мың центнер тұқымдық дәнді тазартып, олар шығымдылық сапаға жеткізіліп 12.200 гектар егіс алаңына қар тоқтатылды. Тракторшылар Марченко, Григорчук жолдастар қар тоқтатуда күнделік тапсырмаларын асыра орындауға жетісіп жүр.

Совхозда егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда быылғы жылы 3800 гектарға арттырылады. Көктемгі егіс кезінде 3700 гектар тың және тыңайған жерлер игеріледі. Бұл міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру үшін совхоз коллективі егіске қызу дайындық жүргізуде.

**Б. ЖӘКЕНОВ.**

### Лайықты тартулар

Вагон жөндеу депосының коллективі өткен жылғы қол жеткен табыстарық баянды ете отырып, үстіміздегі жылдың алғашқы айларынан бастап, жылдық өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын орындау үшін еңбек өнімділігін еселен арттыруда. Коллективтің үнемі өнімді жұмыс істеуінің нәтижесінде январь айының жоспары артықпен орындалды.

бек өнімділігі арттырылмайды. Жөндеу жұмысына озат әдістер қолданылмайды. Осының салдарынан МТС-те жөндеу жөніндегі күндіз, бескүндік тапсырмалар үнемі орындалмайды. МТС-те февраль айының соңғы екі бескүндігінде небары бір трактор ғана жөніл жөндеуден өткізілген. Осындай баяулықтың салдарынан МТС-те жөндеуден өтуге тиіс 62 трактордан осы уақытқа дейін 33 трактор ғана жөнделген.

Осы аудандағы Суворов атындағы МТС-те тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің барысы бұдан да баяу. МТС директоры Мотыгин, бас инженері Небырайлов жолдастар тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеудің тағайындалған графиктерін толық орындауды қамтамасыз ете алмай отыр. Сол сияқты, олар тракторларды жөндеу жұмысының сапасына жете бақылау жасамайды. Осының салдарынан жөндеуден өткізілген тракторларда техникалық ақаулар жиі кездеседі. МТС басшыларының тракторларды жөндеу жұмысына барлық күш-құмарын жұмысқа бағыттай отырып, алмауы есебіне МТС-те февраль айының үшінші жартысында 15 трактор орнына, 7 трактор ғана жөнделген.

Тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысындағы баяулықтан Ильич атындағы, Налобин МТС-тері де арыла алмай келеді. Февральдың соңғы он күні ішінде бұлардың әрқайсысында бір-бір трактордан ғана жөнделген.

Көктемгі егіс жұмыстарын ойдағыдай өткізіп, егіннен мол өнім алуға қамтамасыз етуде тұқымды толық күюдің, оны тазартып, шығымдылық сапаға жеткізудің зор маңызы бар. Рас, облыс колхоздары өткен жылыға қарағанда, бұйыл өздерін тұқыммен қамтамасыз етуді едәуір жақсартты. Бірақ, бұған масаттанбау керек. Өйткені, құйылған тұқым қаншалықты көп болса да, ол тазартылған, шығымдылық сапаға жеткізілмеген болса, одан жоғары өнім күтуге болмайды. Бірақ, амаң не, Пушкин атындағы, Баян, Николаевка, Сартомар МТС-терінің қамтуындағы колхоздарда дөңді дақылдар тұқымының жарысы да тазартылмаған. Көптеген колхоздарда зығыр, көнжылдық шөп тұқымдары жеткіліксіз. МТС пен колхоз басшылары жетпейтін тұқымды толықтыру жұмысын әлі кезекке қойып келеді. МТС-тердің бас агрономдары мен участоктік агрономдары колхоздардағы тұқымның нақтылы жағдайымен танысу, сөйтіп, оларды себуге әзірлеуді ұйымдастыру, жабайы тұқымды сортты тұқыммен айырбастауды тездету жұмыста-

деттерді жүзеге асырудың жыны болып отыр. Облыс колхоздарында тек ерте көктемде ғана 83 мың гектар тың және тыңайған жерлер игеріліп, оған аса бағалы дақыл — жаздық қатты бидай егіледі.

Алдыңғы қатарлы МТС-тер мен колхоздар, трактор, егіс бригадалары тың және тыңайған жерлерді игеруге әзірлікті ойдағыдай жүргізіп келеді. Олар ерте көктемде жыртылатын тың жер участоктерін іріктеп алуда. Қары жұқа участоктерге қар тоқтату жұмысы жүргізілуде. Тың және тыңайған жерге себілетін қатты бидайдың «гордейформе—10» сортты тұқымдарын әзірлеп, оны тазарту, себуі сапасына жеткізу жұмыстары қызу жүргізілуде. Тың және тыңайған жерлерді астық етуге пайдаланудағы мұндай әзірлік барлық колхоздарда бірдей жүргізілуге тиіс.

Көктемде дөңді дақылдар егілетін тың және тыңайған жер участоктерін іріктеп алғанда мыналарға ерекше назар аудару қажет. Алдымен ол участоктер арам шөптерден таза болу керек, жердің ащылы, сортаң болмауына назар аудару қажет. Көктемде жыртылып, астық егілетін тың жерлерге қар тоқтату жұмысы трактор күшімен жүргізілуі кеңінен ұйымдастырылуға тиіс. Агрономдар мен тәжірибелі колхозшылардың қатысуымен тың және тыңайған жерлерді жыртудың, тырмалаудың және оған тұқым себудің агротехникалық жоспарын жасау керек.

Көзір облысымызға Отанымыздың жүрегі — Москва қаласынан, республикамыздың астанасы — Алматы қаласынан, еліміздің және басқа облыстарынан маман кадрлар келуде. Олар ертең колхоздарға барып, игерілетін тың және тыңайған жерлерге бірінші рет соқа салады. Бұл кадрлардың білімін, қабілетін өндіріске тиімді пайдалануды МТС, колхоз басшылары көзірден бастап ұйымдастыруға міндетті. Сонымен бірге, әрбір МТС жанындағы тракторшылар даярлайтын курстарда оқып жүрген болашақ тракторшылардың сапалы білім алуына күнбе-күн басшылық етулері қажет.

Көктемгі егіс — ауылшаруашылық жылындағы ең жауапты кезең. Өйткені, бұл кезеңде дөңді, техникалық, майлы дақылдардан, мал азығындық дақылдардан және картоп пен овоцтың мол өнім алудың негізі қаланады. Сондықтан көктемгі егіске жан-жақты, тыңғылықты әзірлік жасалуы қамтамасыз ету — партия, совет және ауылшаруашылық органдарының аса жауапты міндеті болып табылады.

## Ана мен балаға қамқорлық

Жеңіл өнеркәсібінің тоқыма, тігін, аяқ киім, трикотаж және басқа да кәсіпорындары жұмысшы әйелдерінің балаларын көптеген балалар бақшалары мен яслилері қамтыйды. Соңғы үш жыл ішінде балалар мекемелерінің саны 30 процент артты. Тек өткен жылдың өзінде ғана 100 жаңа балалар бақшалары мен яслилері ашылды.

ССРО Көпшілік тұтынатын товарлар өнеркәсіп министрлігі үстеміндегі жылы балалар мекемелерін салуға 97 миллион

сомнан астам қаржы бөсатады, бұл — өткен жылғыдан екі есе артық. Москвада, Москва облысында, Ленинградта, Кинешмеді, Вичугте, Казанда, Новосибирскте және басқа да қалаларда тағы да 190 балалар бақшалары мен яслилері ашылатын болады. Балалар мекемелерінің қызметкерлері тәжірибелі кадрлармен толықтырылады. Оларға қосымша арнаулы білімі бар 40 дәрігер-педиатор, 300 тәрбиеші-педагог жіберіледі.

(СОТА).

бай еңбек етуде.

Бұл жарыста мал күтушілер З. Рақметжанов, И. Ветрова, В. Горшкова жолдастар алдыңғы қатарда келеді. З. Рақметжанов жолдас қарауындағы 80 қара малды зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сәйкес бағып, күту нәтижесінде олардың тәуліктік салмақ қосуын белгілеген нормадан да асыруға жетісіп жүр. Сол сияқты, Ветрова, Горшкова жолдастар да өз істеріне ұқыптылықпен қарайды. Олар қарауындағы малды мезгілінде азықтандыруда және суаруда, азықты тиісті рацион бойынша мөлшерлеп, нәрлендіріп беруде совхоздың басқа барлық малшыларына еңбек үлгісін көрсетуде.

Озат малшылар бұл сияқты табысқа өздерінің күнбе-күнгі жұмыстарына еңбектің озат әдістері мен ғылым жетістіктерін шеберлікпен қолданулары арқасында ие болуда. Бұлар осы совхозда ұйымдастырылған зоотехникалық үйірменің сабағына үнемі қатысып тұрады. Олар зоотехникалық ғылымды оқып, үйренумен бірге өздерінің табыстарға ие болуына басқа малшыларға айтып, кеңес беріп отырады.

П. РЯБКО.

Қалдағы Ленин атындағы клубта Петропавл станциясының теміржолшылары ССРО Жоғарғы Советінің депутаттығына кандидаттар В. В. Губин және Ж. Қ. Қизатов жолдастармен кездесті.

Жұрт сенген өкіл Бубнов жолдас кездесуде бірінші болып сөйлеп, сайлаушыларды ССРО Жоғарғы Советі Одақ Советінің депутаттығына кандидат В. В. Губин жолдасстың өмірбаянымен таныстырды.

— Қизатов жолдас сайлаушылардың сенімін бұдан бұрын да бірнеше рет аброймен ақтаған болатын. Ұлы Отан соғысының батыры, колхозшылардың социалистік ауыл шаруашылығын өркендету жолындағы күреске ұйымдастырушы — міне, біздің депутаттыққа кандидаттарымыздың қысқаша міндеттемесі, — деді Ұлттар Советінің сайлауын өткізетін Петропавл № 119 қалалық сайлау округінің жұрт сенген өкілі Поктон жолдас.

Кездесуде паровоз депосының бригадирі Лысенко жолдас теміржолшылардың сайлау құрметіне алған көтеріңкі міндеттемелерін аброймен орындап отырғандықтарын мәлімдеді.

— Тың және тыңайған жерді игеру үшін біздің облысқа көп комсомолдердің

келуі біздерге үлкен көмек, — деді сайлаушы Мұхамедрақымов жолдас. — Біздер, теміржолшылар үшін көзір өте жауапты және абройлы міндет жүктеліп отыр. Ол — ауыл шаруашылығының қажетті техникалары мен құралдарын дер кезінде жылдам жеткізу. Біз үлкен істің күәсіміз. Станция темір жолының бойына күніне жүздеген жаңа алып тракторлар мен ауыл шаруашылығының машиналары түсіріледі. Бұлардың бәрі социалистік ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетуге арналған. Бұл міндетті орындау жолында біздер ауыл шаруашылығының еңбекшілеріне зор көмек көрсетуге тиісіміз.

Сайлаушылар В. В. Губин және Ж. Қ. Қизатов жолдастардың сөздерін зейін қоя тыңдады. Депутаттыққа кандидаттар өздерінің сөздерінде республиканың, әсіресе, біздің облыстың көзір кезекте алда тұрған аса жауапты міндеттеріне — Солтүстік Қазақстанның даласындағы пайдаланылмай жатқан ұлан-байтақ қара топырақты жерді игеру мәселесіне тоқтады. Кездесу соңынан сайлаушыларға кино көрсетілді.

Д. ЯВОРСКИЙ.

Оның ішінде күрделі жөндеу жөніндегі тапсырма 105 процент, жылдық жөндеу жоспары 107 процент орындалды.

Вагон жөндеушілер өнімді еңбек етумен қатар, материалдарды көптеп үнемдеу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуде. Көзір уақытта мұнда материал үнемдемейтін бірде-бір бригада жоқ.

СОБП Орталық Комитетінің барлық сайлаушыларға арнаған үндеуімен жігерленген депо коллективі еселеген қарқынмен еңбек етіп, бұрынғыдан да зор табыстарға жетті. Социалистік жарыста слесарьлар Здорнов, Тенлов, Золотухин, ұста Прытков, токарь Осипенко, ағаш өңдейтін станокші Воротинцев жолдастар өздерінің қажырлы еңбегімен коллектив құрметіне бөленуде. Аталған озат жұмысшылар сменалық нормаларын ұдайы 250—300 проценттен орындап жүр.

Вагон жөндеу депосының коллективі ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістеті отырып, февраль айының өндірістік жоспарын 121 процент етіп орындады.

М. БАЙБЕКОВ.



## Болашақ механизаторлар


ПАВЛОДАР. (ҚазТАГ). Жаңа жерлердің игерілуіне байланысты Ертіс бойының МТС-теріне көптеген жаңа техника жеткізілуде. Павлодардың, Екібастұздың кәсіпорындарында жұмыс істейтін мыңдаған комсомолдер, жас жұмысшылар тракторды басқаруға тілек білдіруде. Екібастұздан келген 39 адам Павлодар және Ертіс механикаландыру училищелеріне оқуға түсті. Олардың арасында слесарь комсомолдер Хамит Әбелдинов, Николай Медер, шоферлер Василий Шумило, Алексей Беспальков және басқалары бар. Павлодар кәсіпорындарының 20 жас жұмысшысы Максим Горький және Ертіс механикаландыру училищелерінде оқып жүр.

Селолық механизаторлар болуды қалаған комсомолдердің қатарында Павлодарнан комбинатының жұмысшы қыздары Трухина, Погребняк жолдастар бар.

## ЖАҢА ТЕХНИКА

СЕМЕЙ. (ҚазТАГ). Облыстың машина-трактор станциялары ауыл шаруашылығының жаңа техникасын алуда. Қаракөл МТС-і овоц-бақша және сүрленетін дақылдарды ұялап отырғызуға арналған екі сеялка, екі бульдозер, көптеген тіркеме сайман алды. Балағаш және Серто атындағы МТС-терге «СК—24» аралас трактор сеялқалары жіберілді.

Машина-трактор станциялары мұнымен қабат тракторларға және тіркеу машиналарына көптеген запас бөлшектер алуға.



Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарағаш және Ильич аудандарының колхоздары дөңді дақылдар себу үшін бұрын пайдаланылмаған жаңа жерлерді жыртуға және көпжылдық шөптер етуге кірісті.

СУРЕТТЕ: Сарағаш ауданындағы Келес МТС-нің тракторшысы П. Руденконың агрегаты «III Интернационал» колхозының егін даласында. (ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

## Жаңа жерлер—күріш пен мақта үшін

ҚЫЗЫЛ-ОРДА. (ҚазТАГ). Сыр-Дария ауданы, Жамбыл атындағы колхоз үстеміндегі жылы Қырықбайтақ мекеніндегі 300 гектар тың жерді күріш себуге игереді. Мұнда жақында суландыру ка-

налының құрылысы аяқталған. Жаңа танаптың жері үшін күріштің «Дубовский» тұқымы әзірленді. Колхоз даластанына төрт тұрғын үй, асхана салды.

## Балқаш консервілері

БАЛҚАШ. (ҚазТАГ). Балқаш консерві зауытының өнімін Қазақстан, Татарстан, Мордва еңбекшілері жақсы біледі. Кәсіпорын коллективі быйылғы жылы консерві шығаруды арттырып, оның сорттылығын жақсартуда. Балқаштықтар ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күніне дейін жоспардан тыс жарты миллион банк консервіленген сазан мен алабұға беруді, бүкіл өнімнің 94 процентін жоғары сортпен шығаруды ұйғарды.

Балық қалдықтарынан ұн шығаруға арналған жабдықты монтаждау аяқталып келеді. Консерві ыдысын жасайтын жаңа автомат линия пайдалануға тапсырылды.

Зауодтың жанында, Балқаш жағасында жаңадан екі кәсіпорын — бір жылда екі миллион банка консерві шығаратын комбинат пен кеспек зауыды салынып жатыр. Жаңа құрылыстардың адресіне жабдықтың алғашқы тобы келіп түсті.

## ЕҢБЕК ВАХТАСЫНДА

ШОЛАҚТАУ. (ҚазТАГ). Қаратау кен-химия комбинатының кеңшілері ССРО Жоғарғы Советінің сайлауы күрметіндегі еңбек вахтасына тұрып, фосфорит рудасын шығаруды арттыру үшін күресуде.

Комсомолец Кадыр Сыздықбаев бұрғылау станогін шебер басқарады, ол көзірдің өзінде тоқсандық өндіріс жоспарын орындады. Сыздықбаев бұрғылаған әрбір скважина взрыв жасағанда 230 тоннаға дейін руда береді. Бұл тапсырмадағыдан екі еседей артық.

Тың және тыңайған жерлерді игеру—бүкілхалықтық іс

# Сөз москвалық комсомолецтерге беріледі

**Достық!**  
Қандай асыл сөз!  
Көп ұлтты Совет мемлекетінің қуаттылығының негізі болып табылатын бұл достық туған Отанымыздың бұдан былай да гүлденіп көркейе беруінің шын кепілі емес пе! Бір-біріне туысқандық жүреппен қалтқысыз көмегін ұсынған халықтар семьясының мызғымас күшінің нәр алар қайнар көзі де осы достықта ғой.

Петропавл еңбекшілері бұрнағы күні Отанымыз халықтарының мызғымас достығының айқын бір бейнесі болып табылатын тамаша оқығаның куәсі болды. Олар бұл күні облысымыздағы пайдаланылмай жатқан тың және тыңайған жерлерді игеруге көмекке өз еріктерімен келген Москваның бір топ комсомолецтерін қарсы алды.

Күндізгі сағат 1-дің кезі. Петропавл темір жол станциясы нін тірескен халық. Бұлар тың және тыңайған жерлерді игеру туралы Коммунистік партияның шақыруына бірінші болып үн қосқан Москваның патриот жастарының Солтүстік Қазақстанға келе жатқан алғашқы тобын қарсы алуға келген облыстың партия, совет және комсомол органдарының, кәсіпорындар мен мекеме коллективтерінің өкілдері.

Міне, асыға күткен Москва поезы да келді. Петропавлдықтар оны музыканың сазды үнімен, әсем әнмен қарсы алды. Вагон баспадақтарында петропавлдықтарға қол бұлғап амандасқан москвалық патриоттарды күтушілер зор қуанышпен қарсы алды. Партияның шақыруымен келген комсомолецтердің қуанышты жүздерінен партия тапсырған жұмысты аброймен орындауға белді бекем байлағандықтың нышаны айқын сезіледі.

Төменде тың және тыңайған жерлерді игеруге біздің облысымызға көмекке келген москвалық комсомолецтерге сөз беріп отырмыз.

## Астанада шыққандағы ой

Қымбатты достар! Солтүстік Қазақстан облысының комсомолецтері мен жастары!

Мен ұлы Отанымыздың астанасы — Москвадан сіздерге тың және тыңайған жерлерді толқын астықты өлкеге айналыдыруға келген комсомолецтердің бірімін. Астанада Петропавлға үш күн жол жүріп келдім. Жолашыбай Солтүстік Қазақстанның пайдаланылмай жатқан көп жерлерін өз көзімізбен көрдік. Біз туысқан Коммунистік партияның шақыруымен алыстағы Москвадан осы жерлерді астық



Москвалық комсомолецтерді петропавлдықтар қуанышпен қарсы алды. Вокзал перроны халыққа лық толды.

СУРЕТТЕ: біздің облысымызға тың және тыңайған жерлерді игеру үшін Москвадан келген комсомолец-мамандардың бір тобы. Суретті түсірген А. Розенштейн.

## Еңбек даласына аттанайық, достар!

Ұлы Отанымыздың сүйікті астанасы, менің туып өскен қалам Москва бұдан 5 күн бұрын бізді игілікті сапарға — Коммунистік партия мен Совет Үкметі мәзірігі кезеңде алға басты міндет етіп қойған мәселе — еліміздің шығыс аудандарындағы тың және тыңайған жерді игеруге аттандырып салды.

Расын айту керек, өзімің туған қаламмен, ондағы туған-туыс, дос, жолдастармен, ең ақырында, сүйікті әйелім және жас нәрестеммен қолтастау маған оншалықты жеңіл тиген жоқ. Бірақ, мені бұл сапарға жігерлендірген бір ғана нәрсе болды. Ол — Отанға найдалы еңбек ету. Сондықтан да мен Коммунистік партияның шақыруына жауап ретінде тың және тыңайған жерлерді игеру үшін Солтүстік Қазақстан облысына баруға өз еркімді білдірдім.

Жуырда мен өзін сыяқты бір топ жолдастарыммен бірге Кремльде болдым. СОБП Орталық Комитетінің бірінші секретары Никита Сергеевич Хрущев жолдама бізді жүректілер мен батылдардың сапарына аттанушылар деп атап, әзелік ақыл айтты. Біздің алдымызда кездесетін қиыншылықтарға да тоқталды. Ұлы партияның атынан айтылған бұл сөз біздің, Ленин комсомолы өкілдерінің сеніміне сенім қосып, жігерлерін еселен арттырды.

— Коммунистік партия, біз сен өсірген түлексің. Сондықтан біз үшін ең қандай қиыншылық бөгет емес, бізді Отанға ең найдалы, ең қиын жерге жібер. Біз да-

етсек деген тілектеміз, ал, Отан үшін етілген еңбек әрқашан да абройлы. Біздің еңбекке деген жігеріміз, сіздермен, солтүстік қазақстандық достар, творчестволық және туысқандық байланысымыз біздің еңбегіміздің жемісті болуының басты кепілі.

Біз туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі қазіргі кезеңде алға қойып отырған күрделі мәселелерді орындауға көмектесуге, сөйтіп, облыстың пайдаланылмай жатқан ұлан-байтақ тың және тыңайған жерлерін жайқалған егін алқабына айналдыру үшін белдік. Партия алға қойған міндетті орындауға белсене кірісу — Ленин комсомолының ежелгі дәстүрі. Біз бұл жолда кездескен қиыншылықтардың қандайын болсын жеңіп шығатын боламыз.

Қазір тың және тыңайған жерлерді егістікке пайдалану — ауыл шаруашылығын өркендетудегі ең негізгі міндет болып табылады. Туысқан Коммунистік партия мен Совет Үкметі бұл келеді мәселені шешуде комсомолецтер мен жастар ерлік істер істейді, сөйтіп, ауыл шаруашылығын өндірісінің негізі болып табылатын астық шаруашылығын өркендету күресінде алдыңғы сапта болады деп сеніп отыр. Біз бұл сенімді іспен ақтал, Солтүстік Қазақстанның еңбек даласында Отанымыздың астанасы — сүйікті Москваның атына сай еңбек етеміз.

Сөзімің қорытындысында мен Петропавл қаласының комсомолецтерін Москва

## Оқушының өнегелі ісі

Баян орта мектебінің 8-класс оқушысы Фанис Ескендіровты мектеп коллективі мақтанш етеді. Өйткені, ол өзінің совет оқушысына тән ісімен колхозшылар мен мектеп коллективінің құрметіне бөленді.

...Приешім қой совхозының кассирі аудан орталығы Преснов селосынан совхоз жұмысшыларының айлық еңбекақысын әкеле жатты. «Баян» колхозына төрт километрдей жер қалған кезде, ат үркіп, кассир аттан айрылып қалды. Шанада 72 мың сом жұмысшылардың айлық ақысы бірге кетеді. Үркінен ат Баян ауылының шет жағындағы бір үйдің ығына тұрған кезде, оған оқушы Фанис Ескендіров кез болады. Аттардың бөтен екенін көрген ол, оны өз үйіне алып келді. Фанис шанадағы қапшық толы ақша екенін білгеннен кейін, бұл жағдайды колхоз бақармасына хабарлады.

Ақыры аттар мен 72 мың сом ақша кассирге түгел тапсырылды.

Пионердің бұл ісіне разы болған Приешім совхозының дирекциясы оған бағалы сыйлық берді. Ал, мектеп дирекциясы Ескендіровқа алғыс жариялады.

А. БАЙТҰРҒАНОВ.

## Механизаторлардың оқуы

Октябрь ауданындағы Семиполка МТС-нің жанында механизатор кадрларын даярлайтын үш айлық курс жұмыс істейді. Мұнда 22 адам оқыйды.

Курске тәжірибелі механизаторлар мен агроном сабақ береді. Мәселен, механиктер Кноль, Зарецкий, агроном Могильный жолдастар тыңдаушыларға сапалы білім беру үшін аябай еңбек етуде. Осының нәтижесінде тыңдаушылар сабақты жақсы үлгеріп келеді. Олардың арасында болашақ жас механизаторлар Қ. Нығметов, Е. Дорощенко, Е. Байлов жолдастар сабақты өте жақсы үлгеріп жүр.

Т. БІРІМЖАНОВ.

## Радноқабылдағыштар жасады

Қаладағы Калинин атындағы қазақ орта мектебінде оқу жылының басында физика мастерскойы ашылған болатын. Мұнда оқушылар жабайы схемалар бойынша көрнекі құралдар әзірлейді.

Мектептегі радио үйірмесінің мүшелері физика пәнінің оқытушысы А. Журавлев жолдастың басқаруымен радио ісін үйренуде. Қабиев, Шуканов, Бектасов сыяқты оқушылар детекторлы радноқабылдағыш, ал, Оспанов пен Сүлейменов екеуі лампалы радноқабылдағыш жасап шығарды. Мұнымен бірге, үйірме мүшелері мектеп радио торабын жабдықтауда.

М. ДҮЙСЕНОВ.

## Вьетнам деревнясында

Вьетнамның ержүрек халқы көп жылдардан бері қолына қару алып, өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін шетел басқыншылары — француз отаршылары мен американи интервенттерінің шапқыншылығынан қорғауда. Вьетнам Демократиялық Республикасы күннен-күнге нығаюуда, Вьетнам халқының елді демократиялық жолмен қайта құру ісіндегі табыстары артуда. Республиканың бұл табыстары осы күреске халықтың қалың топтарының және ең алдымен шаруалардың белсене қатысуы арқасында қолы жетті. Вьетнам халқының халықтық үкмет төңірегіне топтасуында Вьетнам еңбек партиясының аграрлық программаны шешуде жүргізген саясаты зор роль атқарды.

Аграрлық реформаның жүргізілуі Вьетнамның азат етілген аудандарын демократияландыру жөніндегі өте маңызды шаралардың бірі болып табылады. Француз отаршы империясының аграрлық шикізат шылауы болған Вьетнамның таяудағы өткен кезеңін еске алсақ, бұл реформаның мәні түсінікті бола бастайды.

Вьетнамда елдегі бүкіл халықтың 90 проценттейі шаруалар. Француздардың отарлық өктемдігі кезінде жерсіздік пен жердің аз болуы Вьетнам деревнясы үшін нағыз апатты жағдай еді: шаруалардың 58 процентінде тіпті жер болмады, ал халықтың 2 проценті ғана болған жергілікті және француз помещиктері елдегі барлық егістік жердің 75 процентіне қол жеткізді. Католиктік шіркеу де ірі жер иесі болды. Мысалы, Нинь-Туэн провинциясында барлық егістік жердің үштен бір бөлігі француз помещиктері Дювалье, қалған үштен бір бөлігі католиктік шіркеуге, ал үштен бірі ғана вьетнамдықтарға қарайтын.

Мұның үстіне, қауымдық жерлердің үлкен бөлігі іс жүзінде ірі помещиктер мен француз отаршыларының қолында болды.

Вьетнам шаруалары қайыршылықта өмір сүретін. Оларды жергілікті және француз помещиктері аяусыз қанап келді. Ұлтарактай жерді пайдаланғаны үшін шаруалар көптеген басқа салықтарды қоспағанда, өте қымбат арендалық ақы-жыйнаған бүкіл өнімнің үштен екі бөлігін төлеуге мәжбүр болды. Олар егіннен алған өнімнің едәуір бөлігін қарызын өтеу есебіне өсімқорларға беретін еді.

Отарлы Вьетнамдағы шаруалар үшін өте ауыр аграрлық қатынастар елдегі халықтың көпшілігінің қайыршылықта өмір сүруінің және ел экономикасының өте артта қалуының басты себебі болды. Онда аграрлық мәселені шешу бүгінгі күнге дейін жалпы ұлт-азаттық күресі мәселесінің маңызды бөлімі болып қалып отыр.

1945 жылы Вьетнам Демократиялық Республикасы жарияланысымен-ақ Вьетнам халық үкметі шаруалардың жағдайын жақсартуға бағытталған біріншіра декреттер шығарды. Жер үшін төленетін арендалық ақы 25—60 процент кемітілді, өсімқорлыққа тыйым салынды, жан басына түсетін салық жойылды. Мұның үстіне деревняларда арендалық ақының кемітілуін бақылап отыратын, аграрлық саясатты бұзу актілері жөніндегі істі қарайтын және еңбекшілердің құқықтарын қорғаушы органдар құрылды.

сырпа аграрлық маңызды өзгерістер жасалуда: француз отаршыларының және вьетнам халқына опасыздық екендердің қарамағында болған жерлер жерсіз және жері аз шаруаларға бірінші кезекте мүгедектер мен соғыс кезінде қаза тапқандардың семьяларына уақытша бөлініп берілуде; қауымдық жерлер уақытша қайта бөлінуде.

Вьетнамның француз отаршыларынан азат етілген аудандарында 1952 жылға дейін 500 мыңдай шаруаға уақытша пайдалану үшін 250 мың гектар жер бөлініп берілді. 1952 жылғы толық емес мәліметтер бойынша, 317.000 гектар қауымдық жер де шаруаларға бөлініп берілген.

Халық үкметі 1953 жылғы майда деревняда халықтық демократиялық құрылысты оған әрі нығайтуға, ауылшаруашылық өнімін шығаруды арттыруға, шаруалардың материалдық жағдайын оған әрі жақсартуға бағытталған шаралар туралы жаңа указ шығарды.

Республикада жер реформасы пайдаланылмай жатқан жерлерді менгеру есебінен де, сондай-ақ ирригация құрылыстарын салу есебінен де егіс көлемін үздіксіз ұлғайтумен қатар жүргізілуде.

Халықтық үкметтің «Өңделмеген ұлтарактай да жер болмасын!» деген шақыруына жауап ретінде шаруалар пайдаланылмай тасталған күріш егістіктерін, бос жатқан және тың жерлерді өңдеу ісіне жігермен кірісті. Соның нәтижесінде өңделетін жер көлемі 20 процент, ал суарылатын жердің жалпы аймағы 1947 жылғы 531.770 гектардан 1953 жылы 731.440 гектарға дейін артты.

Мұның бәрі күріш және мақта егістері шығымдылығының едәуір артуын қамтамасыз етті.

Халық үкметі еңбекші шаруаларға ақшадай қарыз, тыңайтқыштар және ауылшаруашылық саймандарын берумен де қамқорлық жасап отыр.

Вьетнамның шетел тешкісінен азат етілген аудандарының шаруалары өз жерінде қуанышпен еңбек етіп, ауылшаруашылық өнімдерін өндіруді үздіксіз арттыруда. Ауылшаруашылық өнімін өндіруді ұлғайту үшін шаруалар жерді бірлесіп өңдеу жөніндегі серіктестіктерге және өзара көмектесетін бригадаларға бірігуде. Республикада қазірдің өзінде мұндай 85 мың бригада бар.

Егіннен ең жоғары өнім алған еңбекшілеріне үкмет «Селолық еңбек ері» деген құрметті атақ береді.

Азат етілген аудандардың бәрін қамтыған патриоттық жарыс ауыл шаруашылығын өркендетуде зор роль атқарады. Шаруалар арасында жарыс озаттарының тұтас ұрпағы бар.

Вьетнам халық үкметі мен Еңбек партиясы шаруалардың мәдени дәрежесін арттыруға зор көңіл бөлуде, ал мұның өзі азат етілген аудандардың ауыл шаруашылығының өркендеуіне қолайлы әсерін тигізін отыр.

Егер француз өктемдігі кезінде елде халықтың 90 проценттен астамы сауатсыз болған болса, ал республика құрылғаннан кейін халық пен халыққа білім беру органдарының тұнанып келуінен күн

Партия көрсеткен жерде еңбек ету, асқан ерлік істер істеу—комсомолдың дәстүрі.

Мен 1949 жылы Москвадағы № 18 колөнер училищесін бітіріп, слесарь мамандығын алдым. Содан бері заводта өндіріс жабдыктарын жөндеуші слесарь болып істеймін. Училищеде алған білімді өндірісте шебер қолданып, жақсы нәтижелерге жеттім.

Енді міне, еліміздің комсомолдері мен жастарының шақыруын қызу қостан, тың және тыңайған жерлерді игеруге келдім. Мен тракторшылар даярлайтын курстарда оқып, слесарьлыққа қоса тракторшы мамандығын аламын. Сөйтіп, жаңа жерді игеріп, оны астық егуге пайдалану ісіне тікелей араласамын. Бұл мамандықты жақсы меңгеріп, тың жерлерді көтеруде де заводтағыдай өнімді жұмыс істеймін. Партияның сенімін аброймен ақтаймын.

Москвадан осында аттанарда біздің бәрімізде осындай оймен шықтық. Әрине, тың жер көтеру оңай жұмыс емес. Бұл істе қиыншылықтар аз кездеспейді. Бірақ, біз одан қорықпай, қиыншылықты қандайын болсын қажырлы еңбекпен жеңіп шығамыз. Тың және тыңайған жерлерді астықты алқапқа айналдырып, партияның шақыруына іспен жауап береміз.

**А. ШЕРШАВОВ,**  
слесарь.

Кремльдің сәулетті күмбездерінің астында тұрып, біздің заманымыздың ақыл-ойы, ұжданы Коммунистік партияға берген сәртіміз осындай еді.

Біз бұл сәртті аброймен орындаймыз. Өйткені, біз Отан үшін пайдалы еңбек

## Егін теңіздей толқыйды

Жұмыстан кейін күндегіше тура үйге келдім. Шешем де жұмыстан жаңа ғана қайтыпты.

— Мама, сен не бідің, мен селоға баратын болдым, — дедім үйге кірген бетте.

— Қайда, қайда, — деді шешем де маған таңдана қарап.

— Селоға жұмысқа... Тың және тыңайған жерлердің игерілетінін білмейсіз бе? Комсомолдар мен жастар сол жерлерді егістікке пайдалануға баруға өздері тілек білдіріп жатыр. Біздің заводтан да көп адам баратын болды. Мен де баруға тілек білдірдім.

— Қай жерге бармақшысың?

— Қазақстанға. Бұл — астықты өлке, тың жерлері де көп. Оның осы жерлерін игеріп астықты алқапқа айналдырамыз. Ертең жаңа жерлерді игеретін аудандарға баратын жастармен бірге Кремльде қабылдауға боламын...

— Баруыңа қарсы емеспің, — деді шешем. — Бірақ, сен онда не істей аласың? — Оқыймын, тракторшы боламын. Ма-

қызу қолдануға, сөйтіп, біздермен бірге колхоздың еңбек даласында тың және тыңайған жерді игеруге баруға шақырамын.

**В. ПИСКАРЕВ,**  
слесарь.

мандығым бойынша токарь болып та істеймін. Токарьға тракторшы болу онша қыйын емес...

Қымбатты солтүстік қазақстандықтар! Біз партияның шақыруымен жаңа жерді игеруге Москвадан аттанарда бұл ұлы істе сіздерге зор көмек көрсетеміз деген үлкен сеніммен келдік. Москвалық туғандарымыз бен достарымыз да бізге үлкен үміт артып қалды. Олардың да, сіздердің де сенімдеріңізді біз аброймен ақтаймыз.

Мен Москвадағы № 17 колөнер училищесін бітірісімен электр-механикалық заводта токарь болып жұмыс істеймін. Заводта үлгілі еңбегіммен көзге түстім. Тракторшы мамандығын алып, бұрынғыдан да жақсы еңбек етемін деп сіздерді толық сендіремін, солтүстік қазақстандық достар! Тың жер әлі-ақ жайқалған астықты алқапқа айналады, онда егін теңіздей толқыйды. Мұны көріп, ортақ қуанышқа бөленетін күн енді алыс емес.

**М. ПОПКОВА,**  
токарь.

## көмегі

Ленин атындағы колхоздың (Октябрь ауданы) орталығындағы Ленин орта мектебінің комсомолдері колхозшылардың картоп пен овощь дақылдарының өнімділігін арттыру жолындағы күресіне көмектесуде.

Мектеп комсомол ұйымы көктемге дейін овощь дақылдарының көшеттерін өсіретін 27 мың шымтезек-шірінді құмыралар жасауға міндеттеніп, бұл міндеттемелерін ойдағыдай орындап келеді. Оқушы комсомолдар өздері жасаған құмыралардың сапасы жақсы болуына және оларды бүлдірмей сақтауға ерекше назар аударады.

Нақында мектеп комсомолдері мен жастары колхоздың егістік алаңына қар тоқтату жөнінде жексенбілік өткізді. Жексенбілікке қатысқан оқушылар 100 гектар егістік алаңға қар тоқтататын қалқандар қойды.

**Т. ҚАЗИЕВ.**

## Мал күтімі жаңсы

Ленин ауданындағы «Бұлақ» ауыл шаруашылық артелінің мал өсірушілері қоғамдық малды бағып, күту ісін бұрынғыдан да жақсартта түсті. Малшылар Қ. Мұқашев, Қ. Құсайынов жолдастар күнделік тапсырмаларын үнемі асыра орындап, үздік еңбектерімен ерекше көзге түсуде.

Малдың қоңы жазғы маусымдағыдай. Аналық мал ерекше күтімге қойылған.

**Ш. ӘЙПОВ.**

## Концерт берлі

Преснов ауданындағы «Баян» колхозының және Баян орта мектебінің көркемөнершілері Совет Армиясының 36 жылдық мерекесі құрметіне колхозшыларға арнап Әлжаппар Әбішевтың «Мүзбалақтар» атты пьесасын қойып берді. Кештің соңында көркемөнершілер күшімен концерт берілді.

**З. БАЙСАРИН.**

## «Жарияланбаған хаттың дерегі»

### «Кино көргіміз келеді»

Облыстық туберкулез диспансерінде ауруларға кинофильмдер жиі-жиі көрсетіліп тұрмайтындығы жөнінде осы тақырыпта редакцияға түскен тілші хаты бойынша жүргізілген тексерістің нәтижесі туралы облыстық мәдениет басқармасының киноландыру бөлімі редакцияға мынаны хабарлады:

Хатта көрсетілген фактілер анықталды. Облыстық туберкулез диспансерінде үнемі кино көрсетіліп тұруы үшін тиісті шаралар қолданылды.

**Б. СОРОКИН,**  
**А. НЕФЕДОВА,**  
слесарьлар.

шаруалар комитеттері құрылды.

Жас республика үкметі жаңа декрет шығарды, бұл декрет 18 жасқа толған әрбір вьетнамдық азаматқа мемлекеттің жер қорына үш гектар жер алуға право берді, ол бұл жерді міндетті түрде өңдеуге тиіс.

Республикада, оның азат етілген аудандарында мұнымен қатар басқа да бір-

## ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН КОРЕЙ ХАЛЫҚ-ДЕМОКРАТИЯ-ЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫ ЖЕНЕВА КЕҢЕСІНЕ ҚАТЫСУ ТУРАЛЫ ШАҚЫРУДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Төрт держава сыртқы істер министрлерінің 25 январьдан 18 февральға дейін болған Берлин кеңесінде ССРО-ның, АҚШ-тың, Францияның және Великобританияның сыртқы істер министрлері 1954 жылғы 26 апрельде Женеведе ССРО, АҚШ, Франция, Великобритания, Қытай Халық Республикасы, Корей Халық-Демократиялық Республикасы өкілдерінің және Берлин мазмұндамасында айтылған басқа мемлекеттер өкілдерінің — корей мәселесі жөніндегі, сонымен қатар, бұған мүдделі мемлекеттердің қатысуымен — Индо-Қытай тур-

## ФРАНЦИЯДАҒЫ ПОЛИЦЕЙЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТАР

ПАРИЖ, 4 март. (СОТА). «Юманите» газеті кеше Париж полициясы ешбір дәлелсіз және ешбір сылтаусыз Париждің төртінші округінде тұратын «Франция — ССРО» ассоциация ұйымын бұған дейін мекендеп келген үйінен кетуге күшпен мәжбүр етті деп хабарлайды.

Осы сияқты әрекет осы округтің бейбітшілікті қорғау комитетіне және

## ИНДОНЕЗИЯ ШАРУАЛАРЫНЫҢ ЖЕРҮШІН КҮРЕСІ

ДЖАКАРТА, 4 март. (СОТА). Су-матраның шаруалары жер үшін күрес жүргізуде. Баспасөз хабары бойынша, бұл күреске шаруалар мен жалшылардың «Баристан тани Индонезия» демократияшыл одағы басшылық етуде. Әсересе, Медан ауданындағы шаруалардың күресі шиеленісе түсуде, мұнда

жұмыс арқасында вьетнамды мекендеген 23 миллион адамның 14 миллионна астамы сауатты болды.

Ержүрек вьетнам халқы жаңа тұрмыс құру үшін сеніммен күресуде. Вьетнам шаруаларының қалың топтары өз отанының ұлт-азаттығы жолындағы, халықтық демократия жолындағы күреске барған сайын кең қатысуда.

**А. ТИХОНОВА.**

лы мәселе жөніндегі кеңесін шақыруға келіскен болатын.

Берлин кеңесінде қол жеткен келісімге сәйкес, ССРО Үкметі Қытай Халық Республикасының үкметі мен Корей Халық-Демократиялық Республикасының үкметіне хат жолдап, жоғарыда айтылған кеңеске қатысуға және Женевеға жоғарыда көрсетілген мерзімде өздерінің полномочиялы өкілдерін жіберуге шақырды.

ҚХР үкметі ССРО Үкметіне бұл шақыруды қабыл аламыз және Женеве кеңесіне қатысуға ризамыз деп жауап берді. (СОТА)

тағы бір прогрессшіл ұйымына қарсы қолданылған.

«Юманите» полицейлік зорлық-зомбылықтың жаңа әрекеті осы аудандағы халықтың ыза-кегін тудырды деп хабарлайды. Тұрғын адамдар көптеген хаттарында демократияшыл ұйымдарға өздерінің заңды түрде иемденіп келген үйлерін қайтарып беруді талап етуде.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

## Киноларда

### «УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «БҮРГЕНДІ ТОҒАЙ»

Сеанстар сағат 8-40, 10-40-та басталады.

### «ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

#### «МЫЛТЫҚТЫ АДАМ»

Сеанстар сағат 4,30-6,30-8,30-10,10-да басталады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редакторі-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.